

КМҚК №11 "Таңшолпан" бөбекжай - бақшасы

**№1 педагогикалық кеңес шешімімен
"Бекітілді"**

**Бөбекжай-бақша директоры
С.Ж.Жанекешова**



**2020-2021 оқу жылына арналған
№5 "Ақ қоян" ересек тобының
"Бала тілі-бал"
вариативтік компонент
ұйымдастырылған жұмыс жоспары**

Түсінік хат

Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында бала тілін дамытуға, олардың сөздік қорларын молайтуға, ауызша сөйлеуге үйрете отырып, үйренген сөздерін күнделікті өмірде еркін әрі күнделікті іс- әрекет кезіндегі тілдік қарым- қатынаста қолдана білуге жаттықтыру ісіне ерекше мән берілген. Яғни, мектеп жасына дейінгі кезеңде балалармен сөздік жұмысын жан-жақты жүргізу «Коммуникация» білім беру саласының негізгі міндеттерінің бірі болып саналады.

Педагог балалармен сөздік жұмысын жүргізе отырып, оларды айналасындағы заттармен таныстырып, атын атай білуге, қасиеті мен сапасын, түр - түсін және пішінін ажырата білуге, қоршаған ортадағы түрлі құбылыстар жайындағы ұғым, түсініктерін дамытуға және белсенді түрде тілдік қарым - қатынас жасай білуге үйретеді.

Балалардың сөздік қорын молайтуда ойынның, тапсырма жаттығулардың орны ерекше. Ойын арқылы балалардың сөздік қоры дамып, ауызша сөйлеу машығы тез игеріледі, таным белсенділіктері қалыптасады, сондай-ақ ақыл- ойы өсіп жетіледі. Ұрпақтан ұрпаққа жалғасын тауып келе жатқан, әрі үлкен мәні бар мәдени шығармашылық - саусақ ойыны болып табылады. Саусақ ойынын ойнай отырып, балалар қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстарды, жан - жануарларды, құстарды, ағаштарды т.б көптеген бейнелерді бейнелей алады. Сөйлеу тілі мүшелері әрекетінің қозғалуларының дамуы қол саусақтарының нәзік қимылдарының дамуымен тығыз байланыста болғандықтан, бала қолының ептілігін толық жетілдіру, түзету жұмыстарын жүйелі жүргізуді қалайды.

Балалардың тіл жаттығулары:

- тілін дамытуға өлшеусіз үлес қосады;
- қимыл арқылы өлең жолдарын қиындықсыз түсініп, жаттап алады;
- айтылуы қиын дыбыстарды дұрыс айтуға ойын түрінде тез жаттығады;
- есте сақтау қабілеті артады;
- елестету арқылы қиялын дамытады;
- әр кейіпкердің рөліне енуді үйреніп, даусын құбылттып, еркін сөйлеуге жаттығады;
- өлеңдерді жаттап, жан-жануарлардың дыбыстарын салу арқылы айтылуы қиын ызың, үнді дауыссыз дыбыстарды анық айтып үйренеді;
- ертегіні тыңдай отырып дауысты, дауыссыз дыбыстар туралы жалпы түсініктері дамиды.

Ұсынылып отырған бағдарламада тіл жаттығуларының мақсаттарына сәйкес қол қимылының белсенділігін арттыруға өз үлесін қосатын қол еңбегінің үлгілері берілген.

Мақсаты:

Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың ана тілінің ережелері мен базалық нормаларын игеру және оны қолдана білу іскерліктерін дамыту

Міндеттері:

- Балалармен сөздік жұмысын жүргізу;
- Қоршаған ортадағы түрлі құбылыстар жайындағы түсініктерін дамыту;
- Белсенді тілдік қарым-қатынас жасауға үйрету;
- Айналадағы заттардың қасиеті мен сапасын, түр-түсін, пішінін ажыратуға үйрету;
- Мектеп жасына дейінгі балалардың сөздік қорын дамыту.

Мазмұны:

- Сөйлем
- Отбасы мүшелері
- Сөйлем құрылымы
- Сөз тіркестері
- Тіл ұстарту жаттығулары
- Сөйлем құрылымына талдау
- Сөздерді буынға бөлу

Тақырыптық жоспар үлгісі

Айы	№	Тақырыптар	Мақсаты	Көрнекіліктер
Қыркүйек	1.	Менің отбасым	Отбасы мүшелері туралы түсініктерін кеңейту. Отбасы тақырыбына сурет бойынша әңгіме құрауға, отбасы мүшелерін ажырата білуге, оларды құрметтеуге, сыйлауға тәрбиелеу. Өз отбасымен байланыстыра отырып, ондағы өз орнын білуді үйретіп, сөздік қорын дамыту	Жыл мезгіліне байланысты сурет
	2.	Біздің топ	Балабақша және біздің топ туралы қызығушылықтарын ояту.Топтағы үлкендермен және достарымен қарым қатынасын қалыптастыр	Отбасылық суреттер .Балалардың өз отбасыларының суреттерінен көрме жасау.
	3.	Сөйлем. Тіл жаттығуы «Доп»	Сөйлем туралы түсінік. Суретке қарап сөйлемдер құрау.Балалардың ой-өрісін, тілін дамыту. Ұқыптылыққа, әдептілікке тәрбиелеу. Саусақ моторикасын дамыту	Доптың суреті,доп.
	4	Менің достарым	Балалардың достарға деген татулықтарын ояту.Ұйымшылдыққа баулу.Сыйластыққа тәрбиелеу.	Достарының суреттері.
Қазан	5.	Тарс-тарс жаңбыр	Балалардың артикуляциялық аппаратын дамыту. Дыбыстық жаттығу жасау арқылы «р» дыбысын анық айтуға жаттықтыру.	Жаңбыр дыбысы,жаңбыр суреті.
	6.	Жемістер	Сурет бойынша әңгіме құрастыру. Жемістердің аттарын атап, ажырата білу. Жемістер туралы өлең үйретіп, жұмбақтар шешкізу арқылы сөздік қорларын толықтыру Сөйлем құрылымы туралы түсініктерін кеңейту. Екі, үш сөзден тұратын сөйлемдер құрату	Жеміс туралы сурет,көрнекілік.
	7.	Күз кереметі.	Күз мезгілінің ерекшеліктерін айтуға дағдыландыру.Күз туралы тақпақтар айтқызып баланың тілін дамытуға үйрету.	Күз бейнесі,сары жапырақтар.
	8.	Менің бөлмем	Балалардың өз бөлмелері жайында айта отырып,сөйлеу тілін дамыту,сөздік қорын молайту.Үйіндегі бөлмесіндегі заттардың атын атай білуге үйрету.	Бөлме суреттері,слайд
Қараша	9.	Менің ойыншығым	Ойыншықтар туралы түсініктерін кеңейту. Ойыншықтарды ұқыпты ұстауға баулу. Антоним сөздер туралы түсіндіру	Ойыншықтар, ойыншықтардың суреті
	10.	Сурет бойынша әңгіме.	Байланыстыра сөйлеуге баулу. Тіл ұстарту жаттығулары	Тәрбиешінің шығармашылығы бойынша сурет
	11.	«Шарды үрле»	Балаларды сөйлеу барысында дұрыс тыныс алуға үйрету.	Шарлар

	12.	Тазалықпен дос боламыз	Тазалық бұйымдарымен таныстыру. Сүлгі, сабын сөздерін қатыстырып, 2-3 сөзден тұратын сөйлем құрастыра білуге үйрету. Балаларды таза жүруге үйрету. Еңбекқорлыққа, тазалыққа баулу.	Жуынуға арналған құралдардың суреті, слайд.
Желтоқсан	13	Қуыршақты шомылдыр	Балаларға дұрыс жуыну ережелерін үйрету, киімдерді ретімен шешуді, киімдердің атын атай білуге үйрету. Қимыл-әрекетті білдіретін сөздерді меңгерту. Еңбекқорлыққа, тазалыққа баулу.	Қуыршақ, қуыршақ киімдері, суреті.
	14.	Бауырсақпен саяхат	Балалардың қазақ тілге деген қызығушылығын арттырып, ойын әдісі арқылы мемлекеттік тілді үйрете білу. Балаларды жабайы аңдармен таныстырып, олардың мінездері туралы сипаттай білу. Ойлау және сөйлеу қабілеттерін дамыту. Адамгершілікке, ұйымшылдыққа және кезкелген тапсырманы жауапкершілікпен атқаруға, көмек бере білуге тәрбиелеу	Бауырсақтың суреті.
	15.	Менің Қазақстаным.	Қазақстан Республикасы туралы түсінік беру. Еліміздің рәміздері, астана туралы түсіндіру	Рәміздер, Астана туралы бейне ролик
	16.	Жаңа жыл	Жаңа жыл туралы балаларға қызықты әңгіме айтуға, жаңа жылға жаңа достарына сәттілік тілеп, адал болуына арнапөлең айтуға үйрету.	Жаңа жыл туралы суреттер, бейне ролик
Қаңтар	17.	Қыс қызығы. Саусақ жаттығуы «Аққала»	Қыс мезгілі туралы түсінігін кеңейту. Сурет бойынша әңгіме құрастыру	«Қыс қызығы» картинасы
	18.	Қысқы еңбек.	Адамдардың қысқы еңбегімен таныстыру. Үлкендердің еңбегін құрметтеуге баулу.	Үлкендердің еңбегі туралы сурет, бейне ролик
	19	Қысқы киімдер.	Киімдер туралы түсініктерін кеңейту. Жыл мезгіліне байланысты киетін киімдер туралы әңгімелесу	Жыл мезгіліне байланысты киімдер суреттері
	20	Үй жануарлары.	Үй жануарлары туралы алған түсініктерін тереңдету. Үй жануарларының төлдерін ажыратып айтуға, олардың қалай дыбыстайтынын меңгерту. Үй жануарларын күтуге, қамқор болуға баулу, ересек адамдардың еңбегін құрметтей білуге тәрбиелеу	Үй жануарлары туралы слайд, аудио, видео таспалар
Ақпан	21	Жабайы аңдар.	Ертегі мазмұнын сұрақтар бойынша әңгімелету. Сөздік қорларын байыту	Жабайы аң туралы ертегі слайды, аудио, видео таспалар
	22	Көлік түрлері.	Көліктер туралы түсініктерін кеңейту. Қол жаттықтыру жаттығулары	Көлік түрлері туралы слайд, аудио, видео таспалар
	23	Аң аулау.	Аңшы туралы әңгімелеу. Аңшы сөзін жекеше, көпше түрде айтқызу. Сурет бойынша әңгімелесу	Аңшы суреті.

Наурыз	24	Азық-түлік .	Балалардың тіл байлығын дамытып,сөйлеу дағдысын қалыптастыру, қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтқыза білу. Балалардың сөздік қорын байытып, тәрбиешіні тыңдай отырып, өздігімен жауап беруге дағдалану. Ас тағамдарын қадірлеу арқылы балаларды еңбексүйгіштікке тәрбиелеу	Азық-түлік суреті.
	25	Көктем келді	Көктем мезгіл туралы түсініктерін бекіту.Көктемгі ерекшеліктерді айтып беру.Көктемгі табиғат өзгерістерін сурет бойынша айтқызу,әңгіме арқылы ойларын жеткізуін қалыптастыру.	Көктем мезгіл туралы суреттер.
	26	8 наурыз – Аналар мерекесі.	Аналар мерекесі туралы түсініктерін қалыптастыру. Сөйлемдер құрастыру. Ана тақырыбына өлеңдер оқу. Сөздерді анық айтқызу	Ана туралы өлең (Тәрбиешінің шығармашылығы бойынша)
	27	Наурыз – жыл басы.	Ойында ұлттық мерекелермен салт-дәстүрлерді айқындап көрсету. Өз бетінше рөлдерді сәйкес бөлу олармен бірге іс әрекетті, диалогты рөлдік моделдеуге қоғамдық өмірде ойын түрін айқындап үйретуді жалғастыру. Өзі тұратын еліне құрмет, мақтанышпен қарауға тәрбиелеу.	Наурыз мерекесі туралы бейне ролик
	28	Құстар-біздің достарымыз	Балаларды жергілікті жердің құстарымен таныстырып,оны күтіп-баптауға,аялауға,оларға мейірімділікпен қарауға тәрбиелеу.Құстар туралы білімдерін толықтыру,құстарға деген сүйіспеншілік сезімге,қамқорлық жасау- ға тәрбиелеу.Тілдерін дамыту,сөздік қорларын молайту.Балаларды табиғат арқылы адамгершілікке тәрбиелеу және экологиялық білімдерін толық ұғымға жетілдіру.	Құстардың суреті,дыбыстары.
Сәуір	29	Бұл қандай пішіндер?	Балалардың сөздік қорын молайту, пішіндерді ажырата білу.Затты пішініне қарай қазақ тілінде айта алуға үйрету. Пішіндердің атауларын қазақ тілінде айта білуге үйрету. Сөздік қорын молайтып, байланыстырып сөйлеуге жаттықтыру.Суреттен көрсету. Үш бұрыш, текше, шеңбер, сопақ –деп қазақша дұрыс айтуға үйрету.Балалардың байқағыштық қабілеттерін дамыту. Пішіндерді көрсете отырып, қазақ тілінде түсіндіру.Ойын арқылы пішіндердің атауларын айта білуге үйрету.	Түрлі пішіндерден құралған ойыншықтар.
	30	Ыдыстар	Үйде өздеріне арналған ыдыс-аяқ түрлерімен таныстыру.Кесе,қасық,тәрелке,шаңышқы сөздерін айта отырып,қалай қолданылатыны жайында балаларға түсінік беру арқылы олау қабілетін дамыту. Сөйлемдер құрастырту	Ыдыс аяқ суреттері,ыдыстардың муляжы.
	31	Ғарышкер	Ғарыш саласында жүргізілген зерттеулер туралы, зерттеушілердің	Ғарышкер суреті,ғарышкер

		еңбегінің өзіндік жағдайлары туралы балалардың білімдерін бекіту. Ойдағы жағдаятты елестету, түсіну және сол жағдаятқа сәйкес әрекет ету. Ойын диалогын модельдеуге, түрлі құрастырғыштарды, құрылыс материалдарын, ауыстырғыш заттарды қолдануға үйрету. Балалардың шығармашылық қабілеттерін, байланыстырып сөйлеуді дамыту.	құралдарының муляжы.	
	32	Ұшады-ұшпайды	Заттардың қасиеттеріне қарай талдауға, олардың аттарын атай білуге үйрету. Табиғатта ненің ұшатыны, ненің ұшпайтыны туралы түсіндіру арқылы зейіндері мен ойлау қабілеттерін дамыту. Ұйымшылдыққа баулу	Суреттер
Мамыр	33	Бөлме гүлдер	Бөлме өсімдіктерінің аттарын айтып беру, өсімдіктердің тірі табиғатқа жататынын түсіндіру. Бөлме өсімдіктерін қалай күтсең солай өсетіндігін үйрету.	Гүлдер суреті, тірі гүлдер. муляж
	34	Түстерді ажыратамыз	Түстер: қызыл, сары, жасыл, көк, жасыл сөздерін дұрыс айтуға және түстердің атауларын қазақ тілінде айта білуге үйрету. Сөздік қорын молайтып, байланыстырып сөйлеуге жаттықтыру. Байқағыштық қабілетін арттыру, түрлі түстерді анық айта білу.	Түрлі түсті қағаздар. түстердің суреті
	35	Біз қазақша сөйлейміз	Балалардың оқу жылындағы алған білімдерін жүйелендіру. Қазақ тілінде дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру, сөздік қорларын молайту, ауызекі сөйлеу дағдаларын жетілдіру. Отанға деген құрмет сезіміне тәрбиелеу, қазақ халқының салт-дәстүрін құрметтеуге баулу	Отан туралы бейнеролик ,суреттер.
	36	Біз мектепке барамыз	Балалардың бір жыл өткен оқу қызметіне қортынды жасау. Мектеп туралы түсінік беру. Сурет бойынша әңгімелеу	Бейне ролик тамашалау.